

6D071200 – Машина жасау мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертациялық жұмысқа

## АНДАТПА

### САҒЫНТАЙ МҰХАҒАЛИ ҚАРАТАЙҰЛЫ

#### Тақырыбы: «Темірбетонды қабаттаң құятын машинаның механизмдерін жобалау және жасау»

**Жұмыстың өзектілігі.** Құрылыштағы аддитивтік технология, соның ішіндегі бетонды 3D баспалау қолданыстағы дәстүрлі технологияны алмастыратын немесе оған балама болатын жаңа технологиясы ретінде қарастырылуда. Ол үшін 3D баспаланған бетонның механикалық қасиеттері дәстүрлі құрылым технологиясы бойынша жасалған темірбетонның механикалық қасиеттеріне үқсас болуы керек. Демек, 3D баспаланған бетон дәстүрлі темірбетон секілді стандартты болат арматуралармен арматуралануы керек. Қазіргі кезде 3D баспаланған бетонды стандартты болат арматурамен арматуралау ең өзекті болып тұр. Бұғынгі таңда 3D баспаланған бетонды стандартты болат арматурамен арматуралау қолмен жүзеге асырылады және бұл аддитивтік технологияның дәстүрлі технологиядан негізгі артықшылығы болып табылатын құрылым процесін автоматтандыруға кері әсерін тигізді. 3D баспаланған бетонды арматуралау процесін автоматтандыру үшін 3D-баспа барысында арматуралық тор жасауды автоматтандыратын арнайы механизм қажет. Мұндай механизм әзірге жок, демек, ол алдымен зерттеліп, әзірленіп, одан әрі сыйнау жолымен жобаланып, дайындалуы тиіс.

3D баспаланған бетонның реологиясы дәстүрлі сұйық бетоннан өзгеше болғандықтан, автоматты арматуралаушы механизм жасаған арматуралық торды интеграциялау мәселесі туындейді. Мәселе 3D баспа барысында арматуралық тордың жасалуымен шиеленісе түседі, демек, арматуралық тордың бір бөлігі ғана бетонға біріктірілуі тиіс, ал қалған бөлігі оған арматуралық тордың келесі бөлігі дәнекерленетіндей құрғақ қүйде қалуы тиіс. Ол үшін арматуралық тордың бір бөлігін бетонға біріктіріп, қалған бөлігін құрғақ қалдыра алатын арнайы шұмекті зерттеу керек.

Автоматты арматуралаушы механизм, сондай-ақ арнайы шұмек құрылым 3D принтерлері болып табылатын порталды, сериялы роботтарға және басқа да роботтандырылған жабдықтарға орнату үшін салмақтары айтартықтай ауыр болады. Сонымен қатар, мұндай құрылым 3D принтерлері қоршаған орта жағдайлары мен тазалыққа талаптары өте жоғары. Сондықтан, оларды көбінесе қоршаған ортандың қолайсыз жағдайларының әсерінен оқшаулап алу қажет, бұл қосымша шығындарға әкеп соғады. Қазір әлемде құрылым технологиясын (автобетонсорғы, экскаватор, т.б.) құрылым 3D принтерінде жұмыс істеуге бейімдеу үрдісі байқалады. Мұндай бейімделген 3D принтерлердің жүккөтергіштігі жақсы, динамикалық жүктемелерге төзімді, сондай-ақ қолайсыз ортандың әсерлерінен қорықпайды. Бірақ оның да кемшіліктері бар, атап айтқанда, баспа бастиекті берілген траекторияға позициялау дәлдігі жеткіліксіз. Баспа бастиектің берілген траекториядан ауыткуы бетонды 3D баспалауға мүмкіндік бермейді. Бұл кемшілікті жою үшін ондай құрылым технологияның жебесінің соңғы буыны мен баспа бастиегінің арасында қосымша компенсаторлық механизмді зерттеу және жобалау өзекті мәселе болып тұр.

**Жұмыстың мақсаты** – темірбетонды қабаттаң құятын машинаның автоматты арматуралаушы механизмін, арматуралық торды бетонға интеграциялайтын арнайы шұмекті және компенсаторлық механизмді зерттеу, жобалау және жасау.

#### Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- 3D баспа барысында стандартты болат арматуралардан арматуралық тор жасайтын автоматты арматуралаушы механизмін зерттеу және әзірлеу;
- арматуралық тордың бір бөлігін бетонға біріктіріп, қалған бөлігін одан әрі арматуралық тор жасау үшін құрғақ қалдыра алатын арнайы шұмекті зерттеу және әзірлеу;

- құрылыс 3D принтері ретінде жұмыс істеуге бейімделген құрылыс техникасының жебесінің соңғы буынына орнатылатын баспа бастиектің берілген траекториядан ауытқуын компенсациялау үшін компенсаторлық механизмін зерттеу және әзірлеу.

**Зерттеу аймағы** – Құрылыштағы 3D баспалau технологиясы.

**Зерттеу объектісі** – темірбетонды қабаттаң құятын машинаның механизмдері.

**Зерттеу нысаны** – автоматты арматуралаушы механизмі, арнайы шұмек және компенсаторлық механизм.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі.** Зерттеу барысында кинематиканың тұра және кері есебі, параметрлік модельдеу, онтайландыру әдістері, ақырлы элементтік талдау негізінде механикалық әсерді компьютерлік модельдеу және т. б. қолданылды.

**Зерттеудің эмпирикалық базасын келесідей эксперименттік зерттеу құрады:** автоматты арматуралаушы механизмде жасалған арматуралық тордың беріктігінің DIN 488-4 стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау; арматуралық тордың бетонға интеграциялануын 3D басып шығарылған үлгіні рентгендік сканерлеу әдіспен тексеру, сондай-ақ үлгіні басып шығару бағытына перпендикуляр және параллель кесу арқылы визуалды тексеру.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы келесі нәтижелермен анықталады:**

- 3D баспаланатын бетонды 3D баспа барысында автоматты түрде арматуралау үшін автоматты арматуралаушы механизм жобаланып, прототипі жасалынып, сынақтан өткізілді;

- автоматты арматуралаушы механизм көмегімен жасалынған арматуралық тордың беріктігінің DIN 488-4 стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау үшін крест тәріздес үлгілер динамомашинада ығысуға сыналды;

- арматуралық торды бетонға интеграциялау үшін арнайы шұмек жобаланып, прототипі жасалынып, сынақтан өткізілді;

- арматуралық тордың бетонға интеграциялануы 3D басып шығарылған үлгіні рентгендік сканерлеу әдіспен тексерілді, сондай-ақ үлгіні басып шығару бағытына перпендикуляр және параллель кесу арқылы визуалды тексерілді;

- құрылыс 3D принтері ретінде жұмыс істеуге бейімделген құрылыс техникасының жебесінің соңғы буынына орнатылатын баспа бастиектің берілген траекториядан ауытқуын компенсациялау үшін компенсаторлық механизм бола алатын манипуляторды анықтау үшін бірнеше манипуляторлардың кинематиканың тұра және кері есебі арқылы олардың жұмыс аймағы анықталды;

- компенсаторлық механизм бола алатын манипуляторды бірнеше критерилер арқылы салыстыру арқылы Клавель дельта роботы таңдалып, оның динамикалық сипаттамаларын анықтау мақсатында компьютерлік симуляция жасалды.

**Қорғауға шығарылатын ережелер:**

-3D басып шығару процесінде арматуралық торды құруды автоматтандыратын жаңа механизмін әзірлеу;

-3D басып шығару кезінде жаңа арнайы саптаманың көмегімен арматуралық торды 3D басып шығарылған бетонға біріктіру әдісін әзірлеу;

- жаңа компенсаторлық механизмнің көмегімен баспа басының қозғалыс траекториясының ауытқуларын компенсациялау әдістемесін әзірлеу.

**Жарияланымдарды дайындауда диссертанттың үлесі.** Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеудің негізгі ережелерін көрсететін 4 еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда 2 мақала және басқа ғылыми журналдар мен басылымдарда 1 мақала жарияланды.

*Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдардагы жұмыстар:*

1. Azamat Mustafa, Florian Storch, Kairov Rustem, Paul Plashnik, Frank Will, Sagyntay Mukhagali, Zhumadil Baigunchekov, Volker Waurich, “Compensation Manipulator for Concrete 3D Printing Based on the CONPrint3D”, ES Materials and Manufacturing (SCOPUS, Процентиль: 97)

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдардағы мақалалар тізімі:*

1. Мұхагали Сағынтай, Азамат Мустафа, Ерік Нұғман. 3D баспаланған бетонды арматуралауға арналған автоматты арматуралаушы механизм. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Техникалық ғылымдар және технология сериясы, № 4/2023 , Астана 2023.

2. Сағынтай М.Қ., Мустафа А.Қ., Акшулаков К.Ж. Әскери максаттағы құрылымыс объектілерін салуға арналған құрылымыс 3D принтері мен оның баспа бастиегінің тұжырымдамасы. Ұлттық қорғаныс университетінің Хабаршысы ғылыми-білім беру журналы, № 1 (100), Астана 2024.

3. Сағынтай М.Қ., Мустафа А.Қ., Аддитивті технологияда қолданылатын арматуралық сырықтардың дәнекерлеу кезіндегі қызуын зерттеу. «Қазақстан ғылымы мен техникасы» ғылыми журналы, № 3 (2024), Павлодар 2024

*Басқа ғылыми журналдар мен басылымдарда жарияланған мақалалар:*

1. Сағынтай М., Байгунчеков Ж. Бетонды қабаттап құятын 3d принтерлердің конструкцияларын талдау // Engineering Journal of Satbayev University. – 2021. – Т. 143(1). – Б. 120–127. <https://doi.org/10.51301/vest.su.2021.v143.i1.16>

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, сілтемелер тізімінен тұрады.